

## **Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің кәсіби практикасын ұйымдастыру және өту сапасын анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижелері**

**Зерттеудің мақсаты** – университетте кәсіби практикалық дайындықты ұйымдастыру және дуальды оқыту түрінде сабақтар өткізу сапасы анықтау.

### **Зерттеу міндеттері:**

- Практика өтетін орынға қанағаттануы, Кәсіби практика базасының негізі біліктілікке сәйкес келуі;
- Практика бағдарламасында қамтылған әдістемелік нұсқауларды әзірлеу сапасына қанағаттану;
- Практика базасында шеберханаларды, зертханаларды және т. б. пайдалану мүмкіндігі;
- Практика өткен бейінді ұйымның практика жетекшісі көрсеткен практикадан өтуге көмекті бағалау;
- Сұралғандардың университет қабырғасында алған теориялық білімін жеткілікті деп санауы;
- Сабақтардың жұмыс берушілерді тарта отырып өткізілуі;
- Университетте дуальды оқыту жүйесі бойынша білім беру ұйымдастырылатындығынан хабардарлығы;
- Сұралғандардың қандай да бір кәсіпорында/ұйымда дуальды оқыту моделі бойынша негізгі білім беру бағдарламасы шеңберінде білім алуы;
- Кәсіби практика немесе дуальды оқыту жүйесінде мамандығыққа қажетті кәсіби дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндіктің берілуі;
- Кәсіби практика немесе дуальды оқудан өткен ұйымда болашақта өз еңбек қызметін жалғастыру;
- Кәсіби практика немесе дуальды оқу нәтижелерін оның тиімділігі тұрғысынан бағалау;
- Жалпы кәсіби практикаға немесе дуальды оқытуға қанағаттануы;
- Кәсіби практикадан өту орны бойынша жас маман ретінде жұмысқа орналасудың болжануы және т.б. анықталды.

**Зерттеу объектісі:** университеттің 5 институтының білім алушылары.

**Зерттеу жүргізілген уақыты:** 2024 жыл

### **Зерттеу іріктемесі:**

313 респондент. Оның ішінде сауалнамаға:

- Педагогика және дәстүрлі өнер институты бойынша – 48;
- Жаратылыстану институты бойынша – 43;
- Гуманитарлық-педагогикалық институты бойынша – 36;
- Экономика және құқық институты бойынша – 62;
- Инженерлі-технологиялық институт бойынша – 124 жауап берді.

### **Зерттеу барысында қолданылған әдіс:**

Сауалнама «face to face» әдісі арқылы жүргізілді. Сұраудың әдістемесі респонденттен жоғарғы дәрежедегі дәлдікпен үлкен көлемде ақпараттар алуға мүмкіндік береді. Зерттелетін сұрақтар жекеленген интервью кезінде едәуір толық ашылады. Жеке сұрауды кәсіби мамандаған интервьюерлер үшінші адамның қатысуынсыз жүргізіледі.

Респонденттерден сұрау процесі арқылы алынған мәліметтер статистикалық өңдеу мен талдаудан өтеді. Тапсырыс берушіге сұраудың нәтижесі

бойынша зерттеу сауалнамасының сұрақтарына жауап берген респонденттердің жауаптары график және кестелер түрінде бөлінген есеп түрінде беріледі.

**Зерттеу барысында қолданылған әдістеме:**

Зерттеудің міндеттеріне сәйкес құрастырылған 35 сұрақтан тұратын стандартты сауалнама.

Зерттеу жүргізу барысында қолданылған сауалнама ақпараттық-сараптама жұмыстары бойынша қызмет көрсету тобының мамандарымен құрастырылған. Сауалнама арнайы дайындықтан өткен жеке сұхбат алушымен бірге толтырылатындықтан алғашқы әлеуметтік мәліметтердің толықтығын және нақтылық процесін көтеруге мүмкіндік береді.

**Кәсіби практиканы ұйымдастыру және өту немесе дуалды оқыту бойынша білім алушылардың ұсыныстары**

- Кәсіби функцияларды табысты орындау үшін практикалық дағдыларыды арттыру;
- Практикадан өту, практикалық сабақтар көлемін кеңейту мүмкіндігін қарастыру;
- Кәсіби іс-тәжірибе орындарын ұсыну және оқудан кейін жұмысқа бөлу;
- Университет пен кәсіпорын байланысын нығайту;
- Практикадан өтетін өндіріс орындарының тапшылығын шешу;
- Практика уақытын ұзарту;
- Студенттерге болашақ жұмыс орнында (егер ондай болса) кәсіби практикадан өтуге еркін мүмкіндік беру, яғни кәсіби практика орнын алдын ала дайындалған тізім бойынша қатаң түрде таңдатқызбай тізілімде жоқ мекемелерге баруға рұқсат ету;
- Кәсіби практиканы оқу үрдісіне 1 курстан бастап енгізу.